

«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры



Ғ. Тұрсынов

2025 жылғы «21» 10

**«Зерде» республикалық 2-7 сынып оқушылары  
арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық  
жұмыстардың конкурсы туралы  
ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ереже**

1.1. Осы Ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына (01.09.2022 ж. жағдайындағы өзгерістер мен толықтырулармен), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес әзірленді.

Ережеде 2–7 сынып оқушыларына арналған «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының (бұдан әрі – *Конкурс*) мақсаттары мен міндеттері, ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз ету тәртібі, өткізу рәсімі, қаржыландыру көзі, қатысу шарттары, сондай-ақ жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібі айқындалады.

1.2. Конкурстың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) болып табылады.

1.3. **Конкурстың мақсаты** – балалардың зерттеу дағдыларын дамыту және мектеп оқушыларының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру.

1.4. **Конкурстың міндеттері** – зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету, оқушылардың үздік жетістіктерін көрсету және насихаттау, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту мәселесіне көпшіліктің назарын аудару.

**II. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

2.1. Конкурс төрт кезеңде өткізіледі:

**I кезең** – мектепшілік, білім беру ұйымдарында өткізіледі;

**II кезең** – аудандық/қалалық, білім беру бөлімдері ұйымдастырады;

**III кезең** – облыстық, оны жергілікті аймақтық «Дарын» орталықтары, облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, Республикалық білім беру ұйымдары (РББҰ), «Назарбаев зияткерлік мектептері»

дербес білім беру ұйымы («НЗМ» ДББҰ) және «Бөбек» Ұлттық ғылыми практикалық білім беру және сауықтыру орталығы («Бөбек» ҰҒПББСО) өткізеді;

**IV кезең – республикалық**, оны «Дарын» РҒПО ұйымдастырады.

2.2. Конкурстың әр кезеңін ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыстарды үйлестіру және жүзеге асыру үшін республикалық ұйымдастыру комитеті құрылады.

2.3. Ұйымдастыру комитеті әр кезеңнің өткізу мерзімі мен орнын анықтайды, қазылар алқасының құрамын, конкурстың бағдарламасын, қатысушы командалардың тізімін бекітеді, қорытынды шығарады және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

2.4. Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының, колледждердің және мектептердің түрлі ғылым салаларындағы жетекші оқытушылары, әдіскерлері мен ғалымдары енеді. Қазылар алқасының құрамына конкурсқа қатысушылардың туыстары немесе тәрбиеленушілері кірмейді. Сондай-ақ облыстық немесе қалалық кезеңдерде төрелік еткен тұлғалар республикалық кезеңнің қазылар алқасына мүше бола алмайды.

2.5. Қазылар алқасы қатысушылардың конкурс жұмыстарын тыңдайды, тексереді, бекітілген критерийлерге сәйкес (*1-қосымша*) бағалайды және жүлдегерлерді анықтайды.

2.6. Қорытынды кезеңде қатысушылар өздерінің конкурс жұмыстарын презентация арқылы қорғайды. Авторға (*немесе бірлескен авторларға*) баяндама жасау үшін 5-7 минут, ал сұрақ-жауапқа 3 минут уақыт беріледі.

2.7. Республикалық кезеңге жас ерекшелігіне сәйкес екі топтан (*кіші топ – 2–4 сыныптар, ересек топ – 5–7 сыныптар*) әр секция бойынша тек 1-орын иеленген екі жұмыс ұсынылады. Әр топқа жеке жетекші тағайындалады: кіші топқа – бір жетекші, ересек топқа – бір жетекші.

2.8. Конкурстың республикалық кезеңіне тіркелу және қатысу үшін облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, «НЗМ» ДББҰ және «Бөбек» ҰҒПББСО ұйымдастыру комитетіне конкурстың басталуына 2 апта бұрын жазбаша өтінімдерді жіберуі тиіс.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: **Z05K5K8, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8/1, БЦ «Алтын Орда», каб. 1303**, тел: +7 (7172) 57-65-63, e-mail: **info@daryn.kz**.

2.9. Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, «НЗМ» ДББҰ және «Бөбек» ҰҒПББСО ұйымдастыру комитетіне I, II, III кезеңдердің қорытынды есептері мен хаттамаларын ұсынады.

2.10. Конкурсқа ұсынылған жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

2.11. Апелляция рәсімі қарастырылмайды.

### III. Конкурс қатысушылары

3.1. Конкурсқа 2–7 сынып оқушылары қатыса алады. Қатысушылар өз зерттеу жобаларын жеке немесе екі адамнан аспайтын командалық құрамда ұсына алады.

3.2. Жетекшілер конкурстың қорытынды кезеңі басталған сәттен бастап оны өткізу кезеңі мен кері қайту жолына дейін қатысушылардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ жол жүру қауіпсіздігіне толық жауапкершілікті өз мойнына алады. Жетекшілер білім беру басқармасының басшысының бұйрығымен тағайындалады.

### IV. Конкурс жұмыстарына қойылатын талаптар

4.1. Конкурсқа зерттеу жұмыстары келесі секциялар бойынша қабылданады:

#### *Жаратылыстану-математикалық бағыт*

№	Секция атауы	Пәні, факультатив
1	Математика, қолданбалы математика	математика
2	Физика, космос	физика, технология
3	Туризм және спорт	география, физкультура
4	Химия, биология	жаратылыстану
5	Информатика, робототехника STEM инженерия	информатика, робототехника (факультатив)

#### *Қоғамдық-гуманитарлық бағыт*

№	Секция атауы	Пәні, факультатив
1	Қазақ тілі мен әдебиеті	қазақ тілі мен әдебиеті
2	Орыс тілі мен әдебиеті	орыс тілі мен әдебиеті
3	Ағылшын тілі	ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі
4	Тарих, өлкетану	тарих, дүниетану, әдебиет, география
5	Этномәдениеттану	тарих, дүниетану, әдебиет, география
6	Технология және өнер	музыка, еңбекке баулу, бейнелеу өнері
7	Медицина, психология, экология	жаратылыстану, физкультура

4.2. Әрбір бағыт бойынша зерттеу жұмыстары теориялық, эксперименттік немесе шығармашылық (жасампаздық) тұрғыда орындалуы тиіс. Жұмыс қазақ немесе орыс тілдерінің бірінде ұсынылады. Зерттеу жұмысын қорғау тілі оқушының еркіне қарай таңдалады. Беттерді нөмірлеу және жиектерді қалдыру міндетті.

4.3. Конкурстық жұмысқа ғылыми жетекшінің пікірі қоса берілуі тиіс. Пікірде тандалған тақырыптың өзектілігі, жұмыстың авторлық үлесі, сондай-ақ оның артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетіледі. Барлық кезеңдерде бұрын өзге конкурстарда ұсынылған жұмыстар қабылданбайды. Зерттеу барысында плагиатқа, мәліметтер мен нәтижелерді бұрмалауға жол берілмейді. Мұндай фактілер анықталған жағдайда, ұйымдастыру комитеті тиісті акт толтырып, жұмысты конкурсқа қатысудан шеттетуге құқылы.

4.4. Ғылыми жетекші зерттеу жұмысының нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз етеді және жұмыста дипломдық, магистрлік, кандидаттық диссертациялардан, ғылыми ұжымдардың есептерінен немесе өзге де көздерден көшірілген материалдардың болмауын растайды. Оқушы зерттеу қызметі барысында жаңа білім мен дағдыларды меңгеріп, өз деңгейіне сай жұмысты дербес орындауы тиіс.

#### **4.5. Жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар:**

- Шрифт: *Times New Roman*;
- Қаріп өлшемі: 14 кегль;
- Жол аралығы: 1,5 см;
- Абзац шегінісі: 1,25 см;
- Жиектер: жоғарғы, төменгі, оң жағы – 2 см, сол жағы – 3 см;
- Беттерді нөмірлеу: Беттер төменгі ортада нөмірленеді. Титул парағы нөмірленбейді, келесі беттен бастап нөмір 2-ден басталады.

#### **4.6. Жұмыс мына бөлімдерді қамтуы қажет:**

**Титул парағы.** Титул парағында келесідей ақпарат көрсетілуі тиіс:

- жұмыс орындалған білім беру ұйымының толық атауы;
- жұмыстың тақырыбы;
- секциясы;
- орындаушының аты-жөні, сыныбы, мектебі, (қаласы, ауданы, облысы);
- жұмыстың жетекшісі (аты-жөні, қызметі, жұмыс орны);
- жұмыс орындалған жыл.

**Мазмұны.** Мазмұны бөлімінде зерттеу жұмысының құрылымы мен бөлімдерінің атаулары рет-ретімен көрсетіледі.

**Аннотация:** 5–7 сынып оқушыларының жұмысы (*ересек топ*) үшін аннотация көлемі 200 сөзден аспауы тиіс, ал 2–4 сынып оқушыларының жұмысы (*кіші топ*) үшін 150 сөзден аспауы қажет. Аннотацияда жұмыстың негізгі мазмұны мен негізгі ережелері қысқаша баяндалады. Ол зерттеу жұмысы қай тілде жазылса, сол тілде қазақ немесе орыс тілінде рәсімделеді.

**Аннотация құрылымы төмендегідей болуы тиіс:**

- Мақсат-міндеттер;
- Өзектілігі;
- Зерттеу сұрақтары (гипотеза);
- Әдістер, амалдар, кезеңдер (процедуралар);
- Қорытындылар мен нәтижелер.

**Кіріспе.** Кіріспе бөлімінде жұмыстың өзектілігі, зерттеу мәселесінің маңыздылығы және отандық пен шетелдік әдеби деректерге қысқаша шолу беріледі.

**Зерттеу бөлімі.** Зерттеу бөліміне мыналар кіреді: тақырыпты таңдаудың негіздемесі, зерттеу материалдары мен әдістері, эксперименттік бөлім, жұмыс нәтижелері және олардың талқылануы;

**Қосымша.** Қосымша бөліміне келесі материалдар енгізіледі: көрнекі материалдар, фотосуреттер, диаграммалар, зерттеу күнделігі, бейне-схемалар, суреттер немесе макеттер.

**Қорытынды.** Қорытынды бөлімінде зерттеу нәтижелері мен олардан туындайтын ұсынымдар көрсетіледі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

#### **4.7. Презентацияны рәсімдеу кезінде келесі талаптар сақталуы тиіс:**

- Титул парағында жұмыстың тақырыбы көрсетілуі керек.
- Фон мен мәтіннің түстері өзара айқын қарама-қайшы болуы қажет (мысалы, ақ фон – қара мәтін).
- Презентация көлемі 6 слайдтан аспауы тиіс.

#### **Слайдтарды дайындау барысында келесі жағдайлар ескерілуі тиіс:**

- Анимациялық эффектiлердi шамадан тыс қолданбау.
- Қысқа әрi нақты сөздер мен сөйлемдердi пайдалану.
- Слайд тақырыптарын анық және айқын көрсету.
- Әр слайдты артық ақпаратпен жүктемей, мазмұнын қысқа әрi мағыналы етiп ұсыну.

#### **Жұмысты қорғау барысында келесі материалдарды пайдалану рұқсат етіледі:**

- көрнекі материалдар;
- фотосуреттер;
- диаграммалар;
- зерттеу күнделігі;
- бейне-схемалар;
- суреттер, макеттер және өзге де иллюстрациялық материалдар.

4.8. Оқушылардың зерттеу жұмысы олардың жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс.

## **V. Бағалау, қорытынды шығару және марапаттау**

5.1. Конкурстық жұмыстарды бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады: тақырыптың өзектілігі мен ғылыми жаңашылдығы, мақсаттар мен міндеттердің нақтылығы, зерттеу логикасы, әдістердің дұрыстығы, нәтижелердің практикалық маңызы мен қолданбалылығы, мазмұнның сауаттылығы мен рәсімделуі, жоба презентациясын ұсыну және қорғау шеберлігі. Сондай-ақ қатысушының ақпаратты тиімді пайдалана білуі, ойын еркін жеткізуі, көрнекі

құралдарды қолдануы, сұрақтарға жауап беруі және өзіндік көзқарасы ескеріледі. Жұмыстың жалпы құрылымы мен этикалық талаптарға сәйкестігі де маңызды көрсеткіш болып табылады.

5.2. Конкурса ұсынылған зерттеу және шығармашылық жұмыстарды бағалау қазылар алқасы тарапынан 100 балдық жүйе бойынша жүргізіледі.

5.3. Бағалау кезінде төмендегі критерийлер (1-қосымша) басшылыққа алынады.

5.4. Қазылар алқасы әр критерий бойынша жеке бағалау парақтарын толтырады.

5.5. Ең жоғары жалпы балл жинаған қатысушылар жеңімпаздар мен жүлдегерлер болып танылады.

5.6. Бағалау нәтижелері хаттамамен рәсімделіп, Конкурстың ұйымдастыру комитетімен бекітіледі.

5.7. Жеңімпаздарды анықтау тәртібі: жеңімпаздар әрбір секция және жас ерекшеліктеріне сәйкес екі категория бойынша айқындалады:

2–4 сынып оқушылары;

5–7 сынып оқушылары.

Конкурстың қорытынды кезеңінде жеңімпаздар саны қатысушылардың жалпы санының 60%-ынан аспауы тиіс. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен және «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының грамоталарымен марапатталады.

5.8. Барлық қатысушыларға қатысушы сертификаттары табысталады.

## **VI. Қаржыландыру**

6.1. Іс-шараны қаржыландыру бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асырылады.

**«Зерде» республикалық 2-7 сынып оқушылары арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстардың конкурсының  
БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

№	Бағалау критерийі	Мазмұны	Максималды балл
1	<b>Мақсаттар мен міндеттердің нақтылығы, зерттеу логикасы</b>	Жобаның мақсаты мен міндеттерінің анық, қисынды тұжырымдалуы; гипотезаның нақты қойылуы	10 балл
2	<b>Тақырыптың өзектілігі мен ғылыми жаңашылдығы</b>	Зерттеу жұмысының қазіргі ғылым мен қоғам талабына сай болуы, жаңа идея, тәсіл немесе нәтиже ұсынуы	20 балл
3	<b>Зерттеу әдістерінің дұрыстығы</b>	Зерттеу әдістері ереженің талаптарына сай, қолданылған әдістер жүйелі және негізделген түрде дұрыс болуы тиіс, ал алынған деректер — дәл болуы қажет.	20 балл
4	<b>Нәтижелердің практикалық маңызы мен қолданбалығы</b>	Жобаның нәтижесін өмірде, оқытуда немесе тәжірибеде қолданылу мүмкіндігі	10 балл
5	<b>Мазмұнның сауаттылығы мен рәсімделуі</b>	Зерттеу жұмысының рәсімделуі мен құрылымы ереженің талаптарына сәйкес болуы керек, нәтижелер деректермен, талдау және салыстыру арқылы негізделуі тиіс	10 балл
6	<b>Жоба презентациясымен таныстыру және қорғау шеберлігі</b>	Қатысушының материалды түсінікті, сенімді жеткізуі, презентация сапасы, мазмұнның қысқа әрі түсінікті берілуі, сөйлеу мәдениеті мен уақытты тиімді пайдалануы	20 балл
7	<b>Сұрақтарға жауап беру және өзіндік көзқарас</b>	Қазылар сұрақтарына нақты, сенімді жауап беру қабілеті, өз ойын дәлелмен қорғау	10 балл

**Барлығы: 100 балл**

**Балл қою шкаласы:**

Деңгей	Балл аралығы
I орын	90-100
II орын	80-89
III орын	70-79
Грамота	60-69